# Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Статистика агенттінің м.а. 2011 жылғы 2 тамыздағы № 209 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 5 қыркүйекте № 7159 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 07 тамыздағы № 177 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Статистика агенттігі төрағасының 07.08.2013 № 177 бұйрығымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2) және 7) тармақшаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Төрағасының міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) «Өнеркәсіп статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Агенттік Төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 18 тамыздағы № 223 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6489 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықтың 1-тармағының 17) және 18) тармақшалары алынып тасталсын;

2) Күші жойылды - ҚР Статистика агенттігі төрағасының 2012.11.05 № 309 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Агенттіктің Құқықтық және ұйымдық қамтамасыз ету департаменті Стратегиялық даму департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Агенттіктің Стратегиялық даму департаменті осы бұйрықты Агенттік құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттіктің жауапты хатшысына

жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жариялауға жатады және 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төрағаның*

*міндетін атқарушы* *Ж. Жарқынбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК